

Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 ақпандығы № 92 шешімі. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 62 шешімімен

Ескерту. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 62 шешімімен (алгашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9741 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы", орыс тіліндегі тақырыбында "ауылдар" деген сөз алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешімімен бекітілген" деген сөздер "Мәслихаттың 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешіміне 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәслихаттың 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешіміне қосымша" деген сөздер "Мәслихаттың 2021 жылғы 26 қантардағы № 8 шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулиекөл аудандық мәслихаттың хатшысы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың

2022 жылғы 9 ақпандагы

№ 92 шешіміне

1-қосымша

Мәслихаттың

2021 жылғы 26 қантардағы

№ 8 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген, Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округі тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін ауылдық округ аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Диев ауылдық округінің аумағы учаскелерге (ауылдарға, көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Бөлек жиынды Диев ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Диев ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Ауыл, көше шегінде бөлек жиынды өткізууді Диев ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауыл, көшенің, қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауыл, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Диев ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Диев ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Әулиекөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысуышылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тұрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысуышыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Диев ауылдық округінің әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың

2022 жылғы 9 акпандагы

№ 92 шешіміне

2-қосымша

Мәслихаттың

2021 жылғы 26 қантардағы

№ 8 шешіміне

2-қосымша

Қостанай облысы Өулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

№ р/р	Диев ауылдық округінің елді мекендері, көшелер атауы	Өкілдер саны (адам)
1	Диев ауылы	19
	Абай көшесі	2
	Алтынсарин көшесі	2
	Баймагамбетов көшесі	2
	Байтұрсынов көшесі	2
	Бигелдинов көшесі	1
	Гагарин көшесі	1
	Комсомольская көшесі	1
	Ленин көшесі	2
	Майлин көшесі	1
	Мамедов көшесі	1
	Мұратбаев көшесі	1
	Мир көшесі	1
	Нечепуренко көшесі	1
	Рысқұлов көшесі	1
2	Үшқарасу ауылы	3
3	Қосқөл ауылы	3
4	Село Косагал	9
	Казахская көшесі	1
	20 лет Целины көшесі	1
	Гагарин көшесі	1
	Комсомольская	1
	Мир, Новая көшелері	1
	Пер. Восточный, Пришкольная, Приэлеваторная көшелері	1
	Степная, Строительная, Юбилейная көшелері	1
5	Қ. Тұрғымбаев атындағы ауыл	6

	А. Молдағұлова, Абай көшелері	1
	Алтынсарин, Әуезов көшелері	1
	Баймағамбетов, Байтұрсынов көшелері	1
	Больничая, Бураншин, Колос көшелері	1
	Майлин, Молодежная, Озерная, Школьная көшелері	2
	Барлығы	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК